

Борбасова Қ.М., Рысбекова Ш.С.

САТАНИСТІК СЕНІМ БАСТАУЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЖАСТАРЫНЫҢ САНАСЫН УЛАНДЫРУУ

Борбасова К.М., Рысбекова Ш.С.

ИСТОКИ САТАНИСТСКОГО ДОВЕРИЯ И СОЗНАНИЯ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ

Сатанизм – христиандықтың теріс жағы, сондықтан сатанистер барлық әдістерімен христиандарға қарсы шығып тұрады: олар христиандықтағы құдай ұғымын және одан жаратылғандарды, әлсіз бен мейірімділерді жақтырмайды, о дүниедегі жұмаққа түсу үшін қайырымдылық жасаумен өмір кешу керек деген идеяны осы өмірде тек өзіңнің барынша рахат алуыңды ойла дегенге ауыстырады.

Қазіргі сатанизмнің рухани қозғаушысы Элистер Кроули – ең танымал шайтани тұлға болған. Кроулидің «Заң кітабында» сатанизмнің негізгі тезисі жинақталған формулада: « Бірінші заңдылық: нені қаласаң, соны істе!» делінген. Кроулидің бұл кітабы жарыққа шыққаннан кейін, әсіресе АҚШ-та әртүрлі сатанистік секталар пайда бола бастайды.

Сатанизм ағымының негізін салушысы, әрі сатанизмнің сенім негіздеріне де белгілі деңгейде өзгеріс кіргізген атақты тұлға, «қоғам қайраткері» - Антон Шандор Ла Вей болып табылады (1930-1997.)

Ол Шайтан туралы мына төмендегі мағлұматтарды келтіріп өтеді:

«Көбінесе, католиктердің пікірінше протестанттар шайтан еді, протестанттар бойынша католиктердің өздері шайтан еді, ал протестанттар мен католиктердің ортақ пікірлері бойынша еврейлер (яһудилер) шайтан болып табылатын. Сол сияқты шығыс өкілдері үшін батыстықтар шайтан, ал батыстықтар үшін - шығыстықтар шайтан болатын». (1)

Адамзат атаулының көбісінде «өз-өзін үстем етіп көрсету үшін басқаларды төмен санау әрекеті бар». Ешкім өзінің жаман адам деген атпен аталуын қалай қоймас... Осындай пікірлер мен көзқарастарды ұстанған Антон Шандор Ла Вей мен оның жолын қушылардың ортақ пікірлерінше, былайша айтқанда, өздеріне тән ілімдері бойынша Шайтан – қызыл не болмаса қара киім жамылып алатын, мүйіздері, құйрығы және де аса таяғы бар бір жаратылыс емес! Керісінше, ол зерттеле бастаған, әлі де зерттеліп жатқан қара-зұлым күштердің жиынтығы болып табылады. Олардың түсінігінше, Ібіліс – білімнің де, діннің де ашып бере алмайтын бір құпия сыры.

Сонымен қатар, Ла Вейдің пікірінше Шайтан - алға басудың рухы, мәдениеттің дамуына және де адам баласының өркендеуіне септігін тигізетін барлық әрекеттердің қозғаушы күш-қуаты.

1966 жылы Сан – Франсиско қаласында Антон Шандор ла Вей «Шайтан Шіркеуінің» негізін қалады. Ол сатанизмнің негізгі кітабы «Қара Библияны» жазып, Кроули заңдылығына: «Басқалар саған не істесе, сен де оларға соны жаса» деп қосты. Бұл кітаптың адамдарға, секта қауымына әсер еткені соншалықты – адамдар қара магияны үйрене бастайды

Ла Вейге өзінің революциялық көзқарасын тарату үшін адамдардың ішінде жатқан еркін рухтың өкілі қажет болды. Ол үшін Құдай христиандық Қасиетті Әке емес, бүлікшіл-Шайтан болды деуге болады. Ла Вейдің ойындағы Құдайдың образына Шайтанның есімі өте қонымды келді. Тарихтың кез-келген уақытында адамзаттың ең осал жерін тауып, құдай жолынан тайдыра алған күш Шайтан болды. Себебі Шайтан адамдарға тек Құдайларға арналған құпияны ашып, олардың көзін қызықтырды. Онымен тікелей адамдардың ісімен айналысушы «отандас» ретінде тілдесуге болды. Ол игілікті істері үшін еңбегі сіңгендерді марапаттап, зұлымдықты алысқа ұзатпай жазалайтын күш. Христиандық Құдай адамдарға күнә жасатып, оларды өздерін күнәһар сезінуге мәжбүр етсе, Шайтан адамдарға екі жүзділікпен, қулықпен, айлакерлікпен кез келген жағдайдан таза шығуға үйретті. Осылайша Шайтан адамдарды ерекше түсінетін құдай болды.

Ла Вей Шайтанға табынушылардың символы ретінде 19-шы ғасырда тамплилер қолданған Бафометтің бейнесін алды. Ешкінің басы бар төңкерілген пентаграмма, жан-жағы бес иврит әріптермен қоршалған. Әріптерді қосқанда тозақ патшаларының бірі Левиафан есімі шығады.

Ла Вей сыйыну рәсімі кезінде барлық діндердегі зұлымдық құдайларының Лок, Балаам, Маммона, Жын, Шива, Асмодей, Шайтан есімін тізіп айтып шығады, содан кейін Інжілге дейінгі магтардың тілі - энохитте дұға оқиды.

Ол өз дінінің негізгі идеялары және сыйынудың практикалық ғұрыптары туралы берген дәрістерінде және жазған еңбектерінде беріп отырды. 1969 жылы шайтанға табынушылардың «Қара Інжілі» жарық көрген кезде, бұл шіркеудің бүкіл әлемде он мыңнан астам мүшелері болды. «Қара Інжілде» Шайтанға табынушылардың негізгі мақсаты материалдық игілік пен гедонизм екені ашық жазылады.

Ла Вейдің жақтаушылары үшін Сатана – шындықтан гөрі рәміз болып табылады. Сатанистер Шайтанды – ұзын тырнақты, тікен құйрықты және де екі мүйізді адам кейпінде яғни, антропоморфтік түрде қабылдамайды. Бәлкім, табиғаттағы жаман күштер мен ұнамсыз құбылыстарды, жалпы алғанда «жаман» іс-әрекеттерді түсіндіру үшін ғылыми бір атау табылмаған соң оларға жалпы «Шайтан» - деген ат беріліп, сол термин сақталып қалуы да мүмкін.

Сатанизм өкілдерінің көзқарастары бойынша осы Шайтан - кейде тәңір, кейде жартылай тәңір, кейде жеке құтқарушы, ал кейбір уақыттарда жаман іс-әрекеттер мен жағымсыз мінез-құлықтардың бақылаушысы ретінде көрініс табады.

Сатанистердегі «сатана», «шайтан», «ібіліс», «дьявол», «люцифер» және де «демон» сөздеріне берілген түсініктерді былайша қорытындылап көрсетуге болады: Ол - белгілі бір кейіпке немесе белгілі бір түрге ие болмастан, құпия бір табиғат күші ретінде ортаға шығып, жауыздық пен жамандықтардың қайнар көзі ретінде танылған ерекше бір жаратылыс. Сондай-ақ христиандық түсінік бойынша шайтан - адамға дейін жаратылған жын-перілердің әміршісі сияқты. Олардың түсініктері бойынша Ібіліс – жындардың сұлтаны болмақ.

Жәннаттан қараңғылық әлеміне (жер бетіне) қуылғаннан бері адамдармен күресу және бүкіл әлемге билік жүргізу – Шайтанның өз алдына қойған басты мақсаты болып саналады. Шайтанға табынуды дін ретінде есептесек – ол христиан дінінің кері келбеті, яғни мейрімділікке емес зұлымдыққа құштарлық, махаббатқа емес, жеккөрушілікке, қайырымдылыққа емес, қатыгездікке құлшылық ету.

«Сатана шіркеуі» гетеросексуалдылықты, гомосексуалдықты, адам құмарын қанағаттандыратын жыныстық белсенділіктің барлық түрін қолдайды.

«Сатана шіркеуі» материалистік және антихристиандық сипатты ұстанады. Сатанистердің өмір философиясы – ләззатты іздеу, олар Шайтан арқылы өмірдегі барлық нәрселерден пайда алуды көздейді.

Олар үшін Шайтан шындық емес, символ деуге болады. Бұл жағынан қарастырсақ, Ла Вейдің ашқан шіркеуі басқа Шайтанға табынушылардан өзгеше.

Жалпылай алғанда, Ла Вей ілімінің мәні – жер бетіндегі бар нәрседен, игіліктен жан мен тән рахатын қанағаттандыру. Ла Вей өзінің шіркеуі туралы және жалпы шайтанға табыну туралы былай деп жазды: «Барлық әрекетке ерікті болудың ғажайып храмы, барлық адамдар үшін қуаныш әкелер еді. Бірақ біздің негізгі мақсатымыз пікірлес адамдарды бір топқа жинап, олардың біріккен қуаттарын Шайтан деп аталатын табиғаттың қара күштерін шақыруға қолдану.» «Шайтан шіркеуі» - адамдардың тілегіне сай сексуалды белсенділіктің барлық түрлерін құптайды, олар үшін гетеросексуалдық, гомосексуалдық, адюльтерлік қатынастардың барлығы адам табиғатына жат емес, керісінше олардың моральдарына сай қасиеттер.

Осылайша Шайтан шіркеуі жүйелі материалистік және антихристиандық бағыт ұстанады. Рахаттың түрлерін іздеу, Шайтан арқылы кез келген нәрселер мен құбылыстардың барлығынан пайда табу олардың өмірлерінің мәніне айналған.

1977 жылы Бертон Вульф Ла Вейдің биографиясын жазды. «Мен оның алғаш рет баяндамасын «Сексуалды еркіндіктер лигасында» тыңдап, оның эрудициясына және пысықтығына таңқалғанмын. Мен кездестірген, олар туралы естіген немесе оқыған оккультистер дилетанттар, алаяқтар және есуастар болды, бірақ Ла Вей оларға ұқсамайды. Мүмкін ол өзінің сенімдері мен салттарын рационалды тұрғыда және кейбір бөлігін ғылыми негізде дайындаған алғашқы оккультист болар...».(2)

«Клубтық» қызметпен (сатанизм туралы дәріс оқу) қатар Ла Вей Шайтан Шіркеуінің негізгі идеяларын тұжырымдады. Ла Вейдің анықтамасы бойынша, шайтаншылдар - өте сирек кездесетін тұлғалар. Олар халықтың үлкен қауымымен байланысқа түскенде инстинкті түрде өздерін жат сезінеді, олардың ой өрісінде, киім киюінде, музыкалық толғанында, ойын – сауықта, тіпті автокөліктерімен де ерекшеленіп тұрады дейді. Ол шіркеу мүшесінің жеке мәртебесі барлық жерде бірдей болуы керек деп атап өтті. Қоғамда жоғары орынға ие адамдар ұйымда да соған сай позицияларды ұстануы керек. Ла Вей көзқарасы тұрғысынан, бұл олардың өз пайдасы үшін сатанистік теорияларды, Кіші және Үлкен магияны қалай қолдана алатындығының дәйегі болады деп есептейді. Сонымен қоса Антон Ла Вей адамдардың шіркеудің құпиялығына

қаншалықты берілгендігіне қарамады. Пайдасыз «психикалық вампирлерге» уақыт өткізбей, шіркеудің өркендеуіне үлес қосатын және оны материалдық тұрғыда қамтамасыз ететін адамдарға назар аударып, оларды қолдап отырды. «Мен масыл, жолы болмайтындардан жиналған топ емес, нақты форум құрғым келді... Маған қоғамнан оқшауланатын адамдар ұнайды (және мен оларды қолдауға әрқашан дайынмын). Өйткені көптеген көшбасшылар әдетте басқалардан ерекшеленеді. «Қара Інжіл» сипаттайтын магияның жеке практикасына қарағанда, көп жағдайда топ мүшелері өзінің қуаттылығын бекіту үшін басқа біреудің пікірлеріне тәуелділікті қолдайды. Өзімшілдік және шынайы скептицизмді ынталандырудың орнына менің тобымның соқыр сенім және әлсіз антропоморфизмге түскендігін көріп отырмын. Менің ойлағаным бұл емес еді», - деп Шайтан Шіркеуінің мүшелеріне көңілі толмайтындығын айтады. (3)

Ла Вей өз идеясын культке айналдырып, АҚШ-та мыңға жуық ұстанушыларды қарамағына жинақтады. Қазіргі уақытта Ла Вейдің орнын қызы Карла басты. АҚШ-та «Сатана шіркеуі» ресми түрде тіркелді, бірақ 1990 жылы діни бірлестіктерге берілетін барлық салық жеңілдігінен бұл шіркеуді түбегейлі айырып тастады. Қазіргі кезде олардың штаб-пәтерлері «Тоғысшылар кеңесі» Сан-Францискода, ал, екінші орталық басқармасы Манчестерде орналасқан. КСРО-да алғашқы сатанистік топтар 70-ші жылдары Москва, Ленинград, Одессада бар екендігі белгілі болды, бірақ олардың сандары аз еді. Уақыт өте келе, бұл секта КСРО - ның ең үлкен қалаларында кеңінен тарала бастады. 1980-ші жылдардың басында КСРО -да көбіне үлкен сатанистік топтар пайда болды. Қайта құру кезеңінің басында кейбір жастар ұйымдары сатанизмді сәнге айналдырып, сатанизммен әуестенгендіктері туралы мәліметтер бар. Қазіргі кезде бұндай топтардың саны өсуде. Бұл сатанистік ұйымдарға әр түрлі жастағы және әр түрлі мамандық иелері мүше, әсіресе сатанистер өздерінің қатарына нашақорларды қосып алуға тырысады.

Ла Вей құрған ұйымның өсуіне байланысты және де көп келіспеушіліктердің салдарынан Сатанистік Ағайындық Шіркеуі, Қара Токты Ордені, Сети Храмы, Кіші Ана Храмы, S.A.T.A.N. Шіркеуі, Ваал Ордені, Сатана Шіркеуі, Шайтандық Ортодоксалды Шіркеуі, Шайтандық Азат ету Шіркеуі сияқты жаңа топтар пайда болды. Бұл ұйымдар үнемі бірін-бірі қызғанып, дау-дамайдан көз ашпай келеді.

Сатаналық культтер АҚШ пен Батыс Европада (Норвегия, Швеция және басқалары), Румынияда кең тараған. Сатанизмнің әлемдік орталығы қазіргі уақытта АҚШ пен Англияда орналасқан.

«Ньюсуик» журналының мәліметтері бойынша кемінде 3 миллион американдықтар шайтан культімен әуес. Мысалға, «Друидтердің халықаралық қауымдастығының» өзінің мәліметі бойынша оның адепттерінің саны 5 миллион адамды құрайды.

Ең танымал деген сатаналық бірлестіктерден мыналарды атауға болады: «Сатаналық шіркеу», «Люциферистік шығыс-кельттік ғұрыптардың халықаралық ассоциациясы», «Жасыл орден». Америкада және Батыс Еуропада басқа да көптеген шайтандық культтер әрекет етеді: «Трапезонданың мың бірінші шіркеуі» (Сан-Франциско), «Соңғы сот шіркеуі» (Лос-Анджелес), «Асмодеус қоғамы» (Вашингтон), «Сикыршылар мен алдап-арбаушылардың халықаралық ассоциациясы» (Нью-Йорк), «Магияның халықаралық орталығы» (Блуа к. Франция), «Вуду культінің түрлі топтары (шығу тегі вест-индиялық пұтқатабынушылық культ), палладиндер сектасы (Афина Палладасы культі, өткен ғасырда оның басшысы Альберт Пайк болған), Исида культі, Кали культі (Кали – зұлымдық құдайы, әдетте қанды аңсап тұратын, салақтаған тілі бар, адамның бас сүйегінен әшекей бұйымдар таққан түрде бейнеленеді). Америкада және Европада ондаған жылдар бойы ресми қайырымдылық мақсаттарда көріпкелдікпен айналысатын «Друидтер Қоғамы» көзбояушылықты қолданумен дамып отыр.

Италияның солтүстік шығысында сатаналық секталар кеңінен таралған, ұстанушылары 300 мың. Әлі де құрамындағы адамдар саны өсуде. Румынияда да кеңінен таралған

Сатанистерге жаңа пұтқақұлдық топтар, әртүрлі ордендер: «Шығыс тамплиерлер ордені», «Күміс жұлдыз», «Алтын шапак», сондай-ақ Карлос Кастанеда ізбасарларының кейбір топтары тартылуда.

Ресейде әрекет ететін сатанистік культтерге «Оңтүстік крест», «Қара періште», «Қара айдаһар», «Ресей сатана шіркеуі», «Көк лотос», «Жасыл орден», «Сатана қоғамы» жатады.

Таза сатаналық бағыттан ерекшеленіп шыққан белгілі Алистер Кроулидің («Шығыс тамплиерлер орденінің» өкілі) шәкірті және өзінің өсиетінде өзін антихристтың көрінісі ретінде танытқан Л.Р.Хаббардтың «Сайентология шіркеуі» болып табылады.

Бірқатар сарапшылардың пікірінше сатанистерге Порфирий Ивановтың «ішкі шеңбер» адепттерінің байланысы бар (Ивановтың сауықтыру жаттығуларымен, су құйынумен және т.с.с. айналысатын шәкірттерінің топтарының бар екені белгілі, бұдан бөлек тандаулы адепттердің «ішкі шеңбері» әрекет етеді, оған қатысушылар оккульттік практикамен айналысады).

Іс-әрекеттерінің маңыздылығы мен тартым-дылығы деңгейлері бойынша сатанизмді төрт деңгейлі классификацияға бөледі:

Бірінші деңгей (анағұрлым күрделі) – «өз бетімен үйренуші әуесқой». Ол сатанизмге аталған сала бойынша танымал кітаптардан және басқа да танымал қол жетімді қайнар көздерден оқып-үйрену арқылы тартылған адамдардан тұрады. Әуесқой әдетте жергілікті «әуесқойлардың топтары» болса да сатаналық топтармен немесе культтермен байланысты болмайды.

Екінші деңгейі – «психопаттық сатанистер». Бұлар сатанизмді нақты және айқын анықталған сенім ретінде қабылдайтын тұлғалар. Басқаша айтқанда тұлға сатанизмді «жабық түрде» қабылдайды. Бұл деңгей мен категорияның әуесқойлары жиі кездеседі.

Үшінші деңгей – «діни сатанизм»: «Сатана шіркеуі» (АҚШ, Калифорния), «Сета Храмы» (АҚШ), Мәскеудегі «Оңтүстік крест» және т.б. сияқты белгілі топтардан тұрады. Бұл ұйымдар ашық жарнама жұмыстарын жүргізеді, жұмыстарына орналасушылардан анкета алады, сондай-ақ мүшелік жарналары мен басқа да діни ұйымдарға тән атрибуттары бар.

Төртінші деңгей – «қара сатанистер», жасырын, құпия жұмыс істейтін топтар болып табылады. Бұлар кейбір рәсімдік іс-әрекеттерде шектен тыс тәсілдерге баратын болғандықтан, сондай-ақ оккультизм мен сатанаға табынудың сұрқия формаларымен айналысатын болғандықтан астыртын жұмыс істейді.⁽³⁾ Көп жағдайда бұл сатанистер өз іс-әрекеттерін жарияламайды және прозелитизммен айналыспайды. Бұндай топтардың бары жөнінде тікелей нақты мәліметтер аз, бірақ бұл жақын болашақта олардағы рәсімдік күштеу әрекеттері жалпы халыққа таныс болған уақытта және құқық қорғау органдары аталған мәселемен айналысудың тәсілдерін тапқан кезде толықтай өзгеруі мүмкін.

Мұндай топтарға Қара Графиня (Мәскеу), Жоғарғы абыз (Брянск) топтары мен Санкт-Петербургтегі біраз отбасын жатқызуға болады.

Сатана секталарының діни жоралғылары және қара месса Сатанизм деп аталатын, Сатанаға бас ию әртүрлі формада бейнеленеді.

Қара магия, қара месса, нашақорлар субмәдениетінің кейбір түрлері, қанды құрбандық шалулар осылардың бәрі сатанизммен байланысты. Сатанистер өздерінің діни жоралғыларын өткізу үшін Ла Вей шығарған «сатанистік» ғибадаттар кітабын басшылыққа алып пайдаланады

Сатанаға бас июдің терең тарихи тамыры бар. Еуропада XVII ғасырдың ортасында сатанизммен әуестену шыңы жоғарғы аксүйектер ортасында байқалған. Сатанистер қара мессасына құрбан ретінде жүздеген сәбилер жеткізіліп отырған. Ол кездерде қорқынышты әрі жиркенішті сатанистік ғұрыптар жеке-жеке жасалынған.

Көптеген культтардың ішінен зерттеушілер Шайтанға табынушыларды (таза түрінде сирек кездеседі) және «құдай» бейнесінде көретін (люцефериандар) Шайтанға табынушылар қоғамын ажыратады.

70-жылдары арий серілерінің орденін және «құпия сақтаушы» жоғарғы элитаны құру үшін сатанистік секталарының басын біріктіру мақсатында «Интернационал Люцифериандар» құрылды.

Негізінде сатанистер одағы бес сатыдан тұратын (шәкірттер, сиқыршылар, әзәзілдер және т.б.) қатаң иерархия бастамасынан құрылған. Одақтың барлық мүшелері жергілікті сатанистер басшысын тағайындауға құқылы кеңеске бағынады, сондай-ақ, сайлау байлықпен және қызмет орнына сайланатын үміткерлердің қоғамдағы жағдайымен анықталады. Жүздеген жылдар бұрынғыдай мамандықты қара және ақ магияның маманы деп бөлген. Біріншілері дұшпандарына тапсырыс бойынша зиян келтіре алады, ал екіншілері іскерлік табысқа жету мүмкіндігін туғызады. Сатанистер қанды құрбан шалулар және жануарларды кейде тіпті адамдарды ғұрыппен азаптап өлтіріп, наркотикалық және психотропты заттарды қолданып, наркомафиямен бірігіп жұмыс істейді.

Сатанистік секталар кең көлемдегі тиражбен сатанистік әдебиеттер шығарады, сақина, майка, кеудеше, сонымен қатар символдық мәні бар өнімдер шығарып, рок-концерттер ұйымдастырады.

Сатана көшбасшылары барлық баспасөз, бұқаралық ақпарат құралдарында аса көргенсіз, садист, мазохист де сипатталды, әртүрлі сатана культінің адептерінің қылмыстары туралы жазылады.

Сарапшылардың ақпараттары бойынша сатанистер қылмыстық және мемлекеттің басқа заңдылықтарын терең оқып, алдын-ала құқық қорғау органдарына қарсы әрекетке дайын отырады

Сатанист өкілдері, әсіресе, солардың ішіндегі әйел сатанистер көбінесе балгерлікпен, жұлдыз-жорамал құрастырумен, қара магия түрлерімен айналысады. Қазіргі таңдағы сатанисттердің тағы бір ерекшеліктерінің бірі - олар өздерін «христиандықтың бір бағыты немесе бір бөлігі» ретінде таныту үшін тынбай әрекет жасауда. Бұған қоса, болашақты болжау, жұлдызнама құрастыру, әртүрлі құпия түрдегі емдеу шараларымен шұғылдану, осылардың барлығы - сатанисттер айналысатын ең негізгі іс-шаралар.(4) Егер де біз өз-өздерін өлтірген сатанист жастардың арттарында қалдырған жазуларына назар аударып қарайтын болсақ, мынадай деректерді кездестіруіміз мүмкін: «Біз өз рухымызды шайтанға саттық, шайтан бізге хабар берді (аян етті), біздің өлуімізді, жан тапсыруымызды қалады; біз өмір сүрудің бос нәрсе екендігін, бұл дүниеде ғұмыр кешудің мағынасыз әрі қисынсыз екендігін түсініп жеттік...» Иә, сатанизм әркімді әртүрлі жолдармен азғырады. Әсіресе жас-өспірімдерді өзіне оңайлықпен ілестіріп алатыны белгілі.

Қазіргі таңда ғаламтор (интернет) жүйесінің «Чат» бағдарламаларын жас-өспірімдеріміз кеңінен қолданады. Осы қолдану барысында кейбір жастардың сайттарына әртүрлі, ақылға сыймайтын, әрі қауіпті болып табылатын мағлұматтар келіп түседі...

Шынында да сатанисттер кейде жастардың сайттарына әртүрлі, шешілмейтін, тығырыққа кіріп қалуларына себеп болатын мәселелер мен жазуларды жіберіп, ой-саналарын улап отырады.

Нәтижеде, осындай жағдайға тап болған жас-өспірімдер өзімен-өзі болып, қоғаммен қатынасын үзіп, мазасызданып, әрі өмірдегі орны мен рөлін ұмытады да, көптеген теріс түсініктерді санасына орнықтырып алады. Осындай қате пікірлер мен шарасыздықтардан, түсініспеушіліктер мен мазалап жатқан ойлардан құтылу жолын іздеп, жол таба алмаған

жандар не істеуді біле алмай, делсал болып, ақырында, соңғы шара ретінде бір амал тапқандай болып қуанып қалады; ал осы соңғы амал болса – о дүниеге аттану болады.

Ал кейбіреулер «жаман ниетті» сатанизм өкілдері тарапынан «құрбан» ретінде таңдалады да, сол таңдалған жандардың қасына барып, олардың өз-өздерін өлтірулері керектігі жайында үгіт-насихат жүргізеді. Әлбетте мұндайға оңайлықпен көне қоятын жастар көбінесе табыла бермейді. Қарсылық білдіріп, олардан арылуға тырысып бағатындар да баршылық. Алайда, бұл мәселе біз ойлағандай қарапайым емес! Егер де олар үгіт жүргізген кезде олардың сөздеріне құлақ аспаса, яғни өз-өздерін өлтіруге көнбейтін болса, онда өздері тарапынан, мәжбүрлеп өлтірілетіні жайлы ескертіліп, қатты қорқытылады.

Сатанизм атты заманымыздың кара мөрі болған – қауіпті ағымның осындай қатігез де рақымсыз өкілдері өздерінің осындай әрекеттері арқылы «Құдайымыз болған Шайтанның сауабына кенелеміз»-деп ойлайды. Олар өздерін тура да хақ жолда жүргендей сезініп, ерекше бір сезімге бөленіп, өздерінің Құдайлары жолында құрбан етіп жатқандай рахат күйге енеді. Қысқаша айтқанда, өздерінің дініндегі бір құлшылықты орындап, үлкен сауапқа кенелгендей болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бартон Бланш. Тайная жизнь сатаниста: авторизованная биография Антона Ла Вея. М., 2004. 101-102 бб.
2. Бартон Бланш. Тайная жизнь сатаниста: авторизованная биография Антона Ла Вея. М., 2004. 119 б.
3. Архиепископ Афанасий, «Сатанизм жайында деректер». (Ресейдің Пермдік-Епархиалдық журнал). №1-саны. Пермь 1997.
4. Сөйлемез Хашим, «Сатанисттерге қарсы метадинисттер». Aksiyon газеті, 10-16, 8-10 бет. Сәуір // Стамбул 1999